

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
09.03.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 09.03.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі сегізінші мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы 2021 жылғы 15 қыркүйекте бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы Қазақстан Республикасында баланың құқықтарын қорғау үшін тиімді құқықтық негіз құру мақсатында әзірленді. Заң жобасында балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық көріністерінен, оның ішінде оларды отбасылық қатынастар, білім беру және ақпараттық кеңістік салаларында қорғау тетіктерін іске асыруға бағдарланған нормалар көзделген.

Заң жобасын қарау барысында депутаттар бірқатар түзетулер енгізді.

Атап айтқанда, ерекше қажеттіліктері бар балалардың медициналық оңалту қызметтерін алуға қолжетімділігін кеңейту үшін жұмыс істеп тұрған ауруханалар мен емханалар базасында оңалту орталықтарын ашу мүмкіндігі көзделген.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үй алу үшін есепке қою мерзімі алты айдан үш айға дейін қысқартылды.

Кәмелетке толмағандар арасында жәбірлеу (буллинг) көріністерінің алдын алу мақсатында «жәбірлеу» ұғымы заңнамалық түрде бекітілді, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігінің кәмелетке толмағандар арасында буллингтің алдын алу қағидаларын әзірлеу жөніндегі құзыреті көзделген.

Бұдан басқа, интернет желісінде құқыққа, контентке қарсы іс-қимыл тетігін, оның ішінде «онлайн-платформа», «лездік хабарлар алмасу сервисі» ұғымдарын бекіту арқылы регламенттеу жөніндегі нормалар ұсынылды,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында олардың жұмыс істеу қағидалары бекітілді.

Мәселен, Қазақстан аумағында орналасқан, бір ай ішінде орташа тәуліктік қолжетімділігі 100 мыңнан асатын шетелдік онлайн-платформаның меншік иелері немесе өзге де заңды өкілдері бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл бойынша өзінің заңды өкілін тағайындайды, ол нұсқаманы алғаннан кейін 24 сағат ішінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын бұзатын ақпаратты жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Сондай-ақ:

білім беру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын әзірлеу және бекіту бойынша жаңа құзыреттер беруге;

білім беру саласындағы уәкілетті органның орта білім беру ұйымдары үшін жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, мысалы, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих» бойынша оқулықтарды айқындау және бекіту жөніндегі функцияларын бекітуге бағытталған нормалар көзделген.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың 38, 41 және 48-тармақтарын іске асыру үшін заң жобасы шеңберінде:

жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларын, оның ішінде олардың академиялық дербестігін кеңейту жолымен жаңарту;

конкурсқа қатыспай жоғары оқу орындарына түсу үшін халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне мемлекеттік білім гранттарын беру тәртібін анықтау;

жаңадан ашылатын жоғары оқу орындары немесе білім беру бағыттары үшін лицензияның қолданылуының бес жылдық мерзімін белгілеу арқылы білім беру сапасы үшін жоғары оқу орындарының жауапкершілігін күшейту;

лицензиясынан айырылған жағдайда жоғары оқу орындарының құрылтайшыларына білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру, сондай-ақ студенттер мен түлектердің жеке істерін мемлекеттік архивке беру міндетін бекіту жөніндегі нормалар көзделді.

Мемлекет басшысы алдымызға жоғары оқу орындарының кадрлар даярлаудағы жауапкершілігін арттыру жөнінде міндет қойғанын атап өткім келеді. Заң жобасында көзделген нормалар ең алдымен студенттердің сапалы білім алу құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл түзетулер Мәжілісте өткен дөңгелек үстел аясында жоғары оқу орындарының басшыларымен жан-жақты талқыланып, қолдау тапты.

Заң жобасы шеңберінде қаралатын мәселелер саласының кеңейгенін ескере отырып, депутаттар заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде ұсыныс енгізді.

Бұл түзетулер барлық мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты қаралды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жұмыс тобының жиырма алты отырысы, комитеттің кеңейтілген екі отырысы өткізілді.

Қорытынды салыстырма кесте қабылданған 71 позициядан тұрады.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, осы заң жобасын екінші оқылымда қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберу туралы ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, бас комитеттің ұсынысы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 101, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 100, «қалыс қалғандар» – 2. Қаулы қабылданды.



*Дүррис. Бұғаннан кейін қалтаныңыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майя Н. Майдынтаев.*